

НЕСМОТРЯ НА ОТСУТСТВИЕ ОБЩЕЙ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ГРАНИЦЫ, СОТРУДНИЧЕСТВО АО «НК «ҚТЖ» И ГО «БЖД» КРЕПНЕТ С КАЖДЫМ ГОДОМ. НАШИ КОЛЛЕГИ ВСЕГДА ГОТОВЫ ПОДЕЛИТЬСЯ ПЕРСПЕКТИВНЫМИ НАПРАВЛЕНИЯМИ РАЗВИТИЯ ИНФОРМАЦИОННЫХ СИСТЕМ, ОБЕСПЕЧИВАЮЩИХ УПРАВЛЕНИЕ ПЕРЕВОЗОЧНЫМ ПРОЦЕССОМ, РАБОТУ СОРТИРОВОЧНОЙ СТАНЦИИ, ИНФОРМАЦИОННО-СПРАВОЧНЫХ И ПЛАТЕЖНЫХ ТЕРМИНАЛОВ И Т. Д.

Ануар АХМЕТЖАНОВ,
первый заместитель председателя правления по трансформации
и цифровизации АО «НК «ҚТЖ»



№100 (2708)
03/12/2021

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

ҚАЗАҚ-ШВЕЙЦАР ҚАТЫНАСЫНЫҢ КЕРЕГЕСІ КЕҢІМЕК

Алдағы уақытта елімізде қазақстандық-швейцарлық жаңа кәсіпорын пайда болып, теміржол машинажасау саласында жұмысын бастайды деген сенім бар. Бірлескен өндірісті іске қосуға екі елдің бизнес өкілдері Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Швейцария астанасы Женевеға ресми жұмыс сапары барысында уағдаласты.



Ислам ТАЛФАТ,
Нұр-Сұлтан

«Кездесуде Мемлекет басшылары Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ги Пармелан шағын және кеңейтілген форматта жүздесіп, әңгімелесулер өткізді», деп хабарлайды Президенттің баспасөз қызметі.

ҚР Президенті елімізде жүзеге асырылып жатқан саяси және экономикалық реформалар туралы әңгімелеп, Ынтымақтастық перспективалары туралы сөз қозғаған. Тоқаев Конфедерацияны Еуропадағы маңызды саяси және экономикалық әріптес ретінде қарастыра отырып, Қазақстан-Швейцария қатынастарын дамытуға ерекше мән беретінін атап өтті. Соңғы 15 жыл ішінде еліміздің

экономикасына 26 миллиард швейцарлық франк салынса, Швейцарияға салынған қазақстандық инвестициялар көлемі 775 миллионнан асқан. Ал өткен жылы екі ел арасында миллиардтан астам долларға сауда жасалған. Сауда-саттықты дамытуға әлеует бар екенін алға тартқан тараптар ынтымақтастықты нығайтуға келісті. Бұған жаңа үкіметаралық және коммерциялық келісімдер дәлел болмақ. Мәселен, Қазақстанның машина жасаушылар одағы «AMMAN» компаниясымен ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды.

Қазақстанның машина жасаушылар одағының басшысы Мейрам Пішембаев бірлескен қызметтің негізгі бағыттары Қазақстанның машина жасау саласына инвестициялар тарту екенін атап өтті.

«Бұл тығыз коммерциялық байланыстарды дамытуға негіз болып, екі ел арасындағы инвестициялар мен сауда айналымын арттырады. AMMAN – жол-құрылыс техникасы нарығындағы аса ірі компания. Бұл Қазақстанның дамып келе жатқан транзиттік әлеуеті үшін өте маңызды», – деді ол. Қазақстан нарығына кіріп отырған екінші компания – Stadler. Ол жолаушылар вагондарын өндірудің әлемдік көшбасшысы болып табылады.

«Stadler компаниясымен бірлесе отырып, жолаушылар вагондарын шығару бізге құзыреттер алуға, инвестициялар және жаңа технологиялар тартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар локализациялау өндірісінің өрісі кеңейеді», – дейді Мейрам Пішембаев.

Фото www.akorda.kz сайтынан алынды

ВЫСОКИЙ УРОВЕНЬ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ

В Туркестане Премьер-министр Аскар Мамин провел переговоры с Премьер-министром Узбекистана Абдуллоем Ариповым и принял участие в III Форуме межрегионального сотрудничества двух стран. Обсуждены актуальные вопросы развития двустороннего сотрудничества в транзитно-транспортной, торгово-экономической, инвестиционной, сельскохозяйственной, водно-энергетической сферах, промышленной кооперации, туризме и других отраслях.

Глава Правительства РК отметил высокий уровень взаимодействия Казахстана с Узбекистаном в транзитно-транспортной сфере – проводится работа по реализации крупных совместных проектов по развитию железнодорожной инфраструктуры, модернизации автомобильных пунктов пропуска, сформирована благоприятная тарифная политика для провоза грузов. За 10 месяцев объем железнодорожных перевозок между странами составил 20,5 миллиона тонн.

На Казахстан и Узбекистан приходится около 70% всей региональной торговли в Центральной Азии. Двусторонний товарооборот за 9 месяцев 2021 года превысил 2,9 миллиарда долларов, что на 28,5% выше показателя аналогичного периода 2020 года.

По итогам 2021 года Узбекистан может войти в пятерку крупнейших торговых партнеров Казахстана. Поставлена задача довести объем взаимной торговли до 5 миллиардов долларов в 2022 году и до 10 миллиардов долларов в течение 5 лет. Проводится работа по реализации проекта создания международного центра торгово-экономического сотрудничества «Центральная Азия» на границе двух стран.

Аскар Мамин отметил высокую динамику казахстанско-узбекистанского сотрудничества в сфере промышленной кооперации.

Алуа ТЛЕУБАЙ, Нұр-Сұлтан

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ

С НАЧАЛА ГОДА ЧЕРЕЗ СЕРВИСЫ
СОВМЕСТНОГО ПРЕДПРИЯТИЯ
ЖЕЛЕЗНЫХ ДОРОГ КАЗАХСТАНА,
РОССИИ И БЕЛАРУСИ АО «ОТЛК ЕРА»
ОТПРАВЛЕНО

6 000

ПОЕЗДОВ

АО «НК «ҚТЖ» ДОСТАВИЛО СВЫШЕ

840

ВАГОНОВ С СЕНОМ
В МАНГИСТАУСКУЮ ОБЛАСТЬ

РАБОТНИКИ ОСКЕМЕНСКОЙ
И КУМЫСТАУСКОЙ ДИСТАНЦИЙ ПУТИ
В ТЕЧЕНИЕ ГОДА ПРОВЕЛИ

35

РЕЙДОВЫХ МЕРОПРИЯТИЙ С ЦЕЛЬЮ
ПРЕДОТВРАЩЕНИЯ ЭКСТРЕННЫХ
ТОРМОЖЕНИЙ ЛОКОМОТИВОВ

Сервис

ИННОВАЦИОННО-ТЕХНОЛОГИЧЕСКОЕ ВАГОНДАРҒА ЖӨНДЕУ ЖҮРГІЗЕДІ

«Қамқор Вагон» ЖШС филиалдарында Тихвинск вагон жасау зауыты мен Wabtek Corporation бірлескен өндірісіндегі 19-9810 және 19-9855 Barber (АҚШ) типті инновациялық вагондардың арбашаларына жөндеудің жоспарлы түрлерін жүргізуді игеру бойынша жұмыстар атқарылды.

Нұрбек БЕКЕН,
Нұр-Сұлтан

Тихвинск вагон жасау зауытынан арнайы келген мамандар Қарағанды және Павлодар вагон жөндеу деполарының өндірісті жүргізуге техникалық даярлығын зерттеді. Яғни, өндірістің даярлығын анықтау комиссиясы Бүкілодақтық көлік технологиясы орталығының ғылыми-зерттеу институтының белгіленген техникалық құжаттарының көшірмелерін, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Әкімшілігімен бекітілген және келісілген инновациялық вагондарды жөндеудің технологиялық процестерін тексерді.

Сонымен қатар комиссия назарына әрбір жұмыс позициясына арналған Технологиялық карталар көрсетілген көрнекті құралдар, инновациялық вагондарға жоспарлы жөндеу түрлерін

жүргізуге арналған технологиялық құрылғылар, өлшеу құралдары мен құрал-жабдықтар, сондай-ақ, тақырыптық жоспарлар, басқару және өндірістік персоналмен өткізілген техникалық сабақтардың журналдары ұсынылды. Зерттеу қорытындысы бойынша «Қамқор Вагон» ЖШС филиалдары – Қарағанды және Павлодар вагон жөндеу деполары инновациялық вагондарды және Barber (АҚШ) типтегі арбашаларды жөндеуден өткізу құқығына ие 2-дәрежелі сервистік қызмет көрсету орталықтары ретінде аттестациялады. Бұдан былай «Қамқор Вагон» ЖШС Қазақстан аумағындағы инновациялық вагондарға жоспарлы жөндеу түрлерін жүргізетін бірегей кәсіпорын болып табылады. Бұл шара Дамудың ұзақ мерзімді стратегиясын орындау аясында жүзеге асып отыр.



Жәнібек АЙМАНБЕТОВ,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ
Азаматтық қорғанысты
ұйымдастыру және жүргізу
бөлімінің бастығы:



«ҚТЖ» КОМПАНИЯСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУ ЖҮМЫСЫНА ҚР ИИДМ ТАРАПЫНАН ЖОҒАРЫ БАҒА БЕРІЛДІ. ТЕМІРЖОЛ БӨЛІМШЕЛЕРІ ӨЗДЕРІНІҢ КӘСІБИ ДАҒДЫЛАРЫ МЕН ТЕХНИКАЛЫҚ ІС-ҚИМЫЛДАРЫН ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНАДА

ОБОЮДНЫЙ ИНТЕРЕС



КАДРОВАЯ
ПОЛИТИКА

Роман ЛЮБИМОВ,
Нұр-Сұлтан

Ознакомив участников с лучшими мировыми практиками по цифровизации на железнодорожном транспорте Великобритании, Южной Кореи, Японии и Китая, Канат Мукушев подробно остановился на ситуации в Казахстане.

– Вопросы цифровизации необходимо заниматься системно и непрерывно. При этом важна подготовка кадров. Союз считает, что АО «НК «ҚТЖ» является системной компанией и глобальные

вопросы в области цифровизации может решать без привлечения сторонних организаций», – сказал он.

Для этих целей в каждом ключевом подразделении компании должны быть специалисты-программисты, подготовку которых нужно вести в тесном взаимодействии с вузом. Будущим специалистам необходимо знать технологии и регламенты производственных процессов, поэтому важно, чтобы учебные заведения имели преподавателей соответствующего уровня.

– В связи с этим мы считаем своевременным и правильным подход,

предлагаемый Академией логистики и транспорта. Она создается как новый, инновационный транспортный вуз. За основу обучения приняты современные междисциплинарные образовательные программы, созданные совместно с ведущими компаниями РК и вуз-партнерами, – отметил Канат Мукушев.

Из стен этого вуза выйдут тысячи выпускников, принимавших участие в развитии железной дороги Казахстана, подготовлены сотни кандидатов и докторов наук. Профессорско-преподавательский состав академии всегда славился научными достижениями в

отрасли и вносил вклад в научно-технический прогресс.

В прошлом году академией проведена исследовательская работа на тему «Анализ и разработка комплекса мер по улучшению состояния безопасности движения на железнодорожном транспорте», где установлены основные причины нарушений и предложен комплекс мер по их недопущению. Особое внимание уделено техническим отказам и значительным видам нарушений. Проанализированы НПА в области обеспечения безопасности движения пространства 1520, а также изучен европейский и канадский опыт развития систем управления безопасностью движения и разработана Концепция развития СУБД.

По мнению Каната Мукушева, при тесном сотрудничестве академии с ҚТЖ выгоду и пользу получают обе стороны. Разработка и внедрение новых технологий и цифровизации позволят национальной компании повысить конкурентоспособность на международном уровне.

ЖҮК ЖЕТКІЗУДІҢ ЖАҢА ТӘСІЛІ

«KTZ Express» АҚ шағын және орта бизнестегі экспорттерлер үшін Қытайға жүк жеткізудің жаңа тәсілін ұсынып отыр.

Биыл 30 қарашада Алматы станциясынан қытайдың Сиань қаласына контейнерлік пойызбен LCL (less than container load) қағидаты бойынша бірінші құрама жүк жөнелтілді. LCL сервисінің негізгі идеясы – жүк жөнелтушіге бүкіл контейнерді емес, тек оның бір бөлігін ғана пайдалану мүмкіндігін ұсынады. Алғашқы жөнелтілімде, мысалы, 40 футтық контейнермен жүгі қазақстандық компанияның жүгі жиналған. Құрама контейнер межелі жерге 10 күннен соң жетеді.

«KTZ Express» АҚ мен «QazTrade» АҚ – жөнелту жұмыстарын ұйымдастырушылар. «KTZ Express-Оңтүстік» филиалының басшысы Ерлан Түлендиевтің айтуынша, бұл аз ғана жүк жөнелтетін шағын және орта өндірушілер үшін өте тиімді болмақ және контейнермен жүк жіберу қай жағынан да өте ыңғайлы екені белгілі. «Біздің жобамыз Қазақстан экспорттерлеріне Қытайға тауарларды бәсекеге қабілетті бағамен жеткізу бойынша тұрақты және үздіксіз сервис ұсынады», – дейді Е. Түлендиев.

Ұлан ОРАЗ

Кәсіподақ

Құрметті оқырман! Кәсіподақ айдарымен сұрақ-жауап бұрышын ашып отырмыз. Жұмысшы мен жұмыс беруші арасындағы еңбек қатынасы, демалыс, әлеуметтік жеңілдіктер мен оларды төлеу реті, т.б. сауалдарыңызды күтеміз.

Оқырмандар сауалына «Қазкөліккәсіп» ҚБ төрағасының орынбасары Жұпарбек Сәбитов жауап береді.

СҰРАҢЫЗ, ЖАУАП БЕРЕМІЗ

? Еңбек демалысының тек 5 күнін ғана алып, қысқа мерзімді демалысқа шықсам деп едім, алайда кадр мамандары заңға сәйкес, еңбек демалысы кем дегенде 2 апта болуы керек деді.

Жауап: ҚР Еңбек Кодексінің 92-бабы, 3-тармағына сәйкес жұмысшы мен жұмыс беруші арасындағы келісім бойынша төленетін жылдық еңбек демалысы екіге бөлініп берілуі мүмкін. Бұл ретте демалыстың бір бөлігі 14 күннен кем болмауы керек делінген. Алайда бұл 2 апта уақыт демалыстың бірінші бөлігіне түсіп қалуы міндетті емес.

? Мүгедекке күтім жасап отырған отбасы мүшесіне ақы қалай төленеді?

Жауап: 2021-2023 жылдарға арналған Ұжымдық шартқа сәйкес бөгде адамның (арнайы медициналық немесе тұрмыстық) күтім жасауына әлеуметтік қызметкер есебінде де, отбасы мүшесі ретінде де ақы төлене береді. Бірнеше көмек турлерін қажет ететін зардап шегушіге әр көмек түрі бойынша алынатын шығын өтеледі. Өтемақы сомасы талап етілетін күтімге қарай анықталып, бөгде арнайы медициналық күтім үшін – 30 АЕК, бөгде тұрмыстық күтім үшін – 20 АЕК көлеміндегі ақы қажет ететін мүгедектерге тағайындалады.

? Бір реттік (разовый) жұмыс атқаратын жұмысшылар мақсатты нұсқаулықты үнемі өткізбей, оны лауазымдық нұсқаулыққа кірістірсе бола ма?

Жауап: Бұл бір жұмысты өз мамандығына қоса атқару (совмещение) болып табылады. ҚР Еңбек кодексіне сәйкес бір жұмысты өз мамандығына қоса алып жүру, қызмет көрсету аймағын кеңейту немесе жұмыста жоқ қызметкердің орнына уақытша соның міндетін атқару бойынша берілетін үстемеақы көлемін орындалған жұмыс көлеміне қарай жұмысшының өзімен келісе отырып жұмыс беруші тағайындайды. 2021-2023 жылдарға арналған Ұжымдық шартта былай көрсетілген: мамандықтарды қоса алып жүру дегеніміз – еңбек келісімшартында көрсетілген негізгі жұмысына қоса басқа мамандық бойынша қосымша жұмыс атқару. Жұмыста жоқ адамның орнына оның міндетін уақытша атқарғаны үшін жұмысшыға үстемеақы қай кезде төленбейді? Егер жұмыста уақытша жоқ адамның орнына жұмыс істеу оны атқаратын қызметкердің лауазымдық міндеттеріне кіретін болса төленбейді. Бұл үстемеақы жасалған жұмыс көлеміне қарай негізгі жұмыс бойынша тариф мөлшерлемесінің 30 пайызынан аспайтын сома көлемінде белгіленеді. Сол себепті бір реттік жұмыс бойынша жұмысшыларға мақсатты нұсқаулық жүргізуге міндеттісіз.

Дайындаған
Райхан РАХМЕТОВА

АЛДЫН АЛУ МАҢЫЗДЫ

Айсұлтан АРМАН,
Маңғыстау



Маңғыстау теміржол вокзалы аумағында 23-25 қараша аралығында «Жасөспірім» жедел-профилактикалық іс-шарасы өтті.

Шараның негізгі мақсаты – жасөспірімдер арасында қылмыстың алдын алу, көмелетке толмағандарға алкогольдік ішімдіктерді, темекі өнімдерін сату фактілерін, олардың түнгі уақытта жалғыз-жарым жүруін анықтау болды. Оның аясында өткен түнгі рейд кезінде бірнеше құқық бұзушылықтар анықталып, кінәлілер жауапқа тартылды.

– «Жасөспірім» жедел жұмыстары барысында олардың құқықтық сауаттылығын арттырумен қатар көмелетке толмағандарды құқық бұзушылықтар мен қылмыс жасауға бейімдейтін тұлғаларды анықтау барысында да қажетті жұмыстар атқарылды. Ұрпағымыз саналы және өнегелі азамат болып өсуі үшін оларды түрлі зиянды нәрселерден сақтандыруға ата-аналар мен қоғам болып атсалысуымыз қажет, қай кезде де қылмыстың алдын алу маңызды болып табылады, – дейді бұл жөнінде ақпарат берген Маңғыстау станциясы желілік полиция бөлімінің өкілшілік полиция бөлімшесінің басшысы Нұр Қуанов.

ТЕМІР ЖОЛ МЕН ТЕҢІЗ ЖОЛЫ ТҮЙІСКЕН ТҮБЕК



Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Түбекке теміржолмен жеткізіліп, Каспий теңізімен экспортталатын астық екі ірі терминалдан жөнелтілуде. Олар: «Ақтау теңіз солтүстік терминалы» ЖШС және «АқБидай-Терминал» АҚ. Жыл басынан бері осы терминалдар 1 024 000 тонна дәнді теңіз көлігіне ауыстырып тиеген. «Солтүстік» терминал 8 807 вагон түсіріп, 566 мың тонна бидайды Иранға жіберсе, «АқБидайдан» 458 мың тонна астық жүктелген. Бұл терминалдардың бірі 60 мың тонна, екіншісінің 22 500 тоннаға дейін жинақтау мүмкіндіктері бар.

Сонымен қатар астық сақтайтын 5 мың тонналық екі сыйымдылығы бар «Каспий Глобал» терминалы да түбектегі тасымалға өз үлесін қосуда. «Каскортранссервис» компаниясының аумағында орналасқан бұл мекемеге жыл басынан бері 153 вагон бидай түсіріліп, олар «бигбек» қашықтарына қапталып, кемеге тиелген. Иран бағытына жөнелтілген бұл жүктің көлемі – 10 мың тонна.

– Тамыз айында арнайы штаб құрылды. Қосалқы бөлімше басшысының төрағалығымен ұйымдасқан штабқа логистикалық, коммерциялық бөлімдердің және станциялардың басшылары кіреді. Штаб науқанды ойдағыдай өткізуге жұмыстарды алдын ала пысықтап, міндеттерді белгіледі. Тасымал қыркүйектен басталды. Бытырғыға қарағанда көрсеткіш жоғары. Мәселен, былтыр қыркүйекте «АқБидай» терминалы 4 100 тонна бидай жөнелткен. Биыл оны 15 400 тоннаға жеткізді. Өткен жылғы қазан айында 137 вагон түсірілген, бірақ тиеу болмаған. Осы жылғы қазанда жеті кемемен жөнелтілген жүктің көлемі 26 100 тоннаны құраған.

«Солтүстік» терминалда да солай. Өткен жылы ол қыркүйекте тіпті астық жөнелтпеген, тек 68 вагон бидай түсірілген. Биылғы қыркүйекте 6 500 тонна астықты ауыстырып тиеп, шетелге шығарды. Ал

Маңғыстау теміржолымен астық тасымалының көлемі биыл өткен жылғыдан да артып, жұмыс қарқыны қыза түскен. Түбек теміржолы арқылы өтіп жатқан бидай Түркіменстанға, одан әрі Ауғанстанға, ал теңіз жолымен Әзербайжан мен Иран бағытына асуда.



ТЕҢІЗ ТАСЫМАЛЫНАН БӨЛЕК, БИЫЛҒЫ БИДАЙДЫҢ БІРАЗ БӨЛІГІ БОЛАШАҚ СТАНЦИЯСЫ АРҚЫЛЫ ШЕТЕЛГЕ ТЕМІРЖОЛМЕН ДЕ ТІКЕЛЕЙ ТАСЫМАЛДАНУДА. БЫЛТЫР ТАМЫЗДАН ЕСЕПТЕГЕНДЕ ТӨРТ АЙДА ОСЫ ЖОЛМЕН ТҮРКІМЕНСТАНҒА 508 ВАГОН, 34 544 ТОННА АСТЫҚ ӨТСЕ, ОСЫ ЖЫЛЫ ОЛ 1290 ВАГОН, 87 720 ТОННАҒА ЖЕТКЕН.

бытырғы қазанда 8400 тонна бидай жөнелтсе, биыл 20 400 тонна экспорттаған. Сонымен қатар, қараша айының 26-на дейін «АқБидайға» 35 вагон астық келіп, 7 мың тонна, «Солтүстік» терминалына 60 вагон түсіріліп, 37 мың тонна бидай тиелген. Бұл өткен жылғы салыстырмалы мерзімнен аз, әрине. Тек осы айда көрсеткіш төмендегені болмаса, былтырғыға қарағанда астық тасымалы жоғары, – деп мәлімет берген логистика бөлімінің басшысы Айбек Утеков көрсеткіштің артуына жақында ғана ортаға қосылған жаңа жөнелтушінің де әсері болғанын айтады. Ол – биыл қыркүйектен бастап теңіз портының басынан жүктерді ауыстырып тиеумен айналысатын «Ақтау Грейн» компаниясы. Онда терминал жоқ. Сондықтан да вагонмен келген астықты бірден кемеге тиейді екен. Компания осыған

дейін мұндай әдіспен 155 мың тонна дәннің теңізбен ел асуына септік еткен.

Теңіз тасымалынан бөлек, биылғы бидайдың біраз бөлігі Болашақ станциясы арқылы шетелге теміржолмен де тікелей тасымалдануда. Бытыр тамыздан есептегенде төрт айда осы жолмен Түркіменстанға 508 вагон, 34 544 тонна астық өтсе, осы жылғы ол 1290 вагон, 87 720 тоннаға жеткен.

– Болашақ станциясында астық тасымалы тамыздан келесі жылдық қаңтар, ақпан айларына дейін жалғасады. Одан кейін сирейді, анда-санда бір-екі вагон келіп тұрады. Бүгінде өткен жылға қарағанда жоғары көрсеткіш байқалауда. Шекаралық станция арқылы жөнелтіліп жатқан астықтың басым бөлігі Смирнова, Белес, Қызылту, Сарыбел станцияларынан жүктелген. Яғни, негізінен еліміздің солтүстігінен жіберіледі. Олар біз арқылы Түркіменстанның Серхетабад, әрі қарай Ауғанстанға кетіп жатыр. Сондай-ақ, Түркіменстанның Гыпчак, Авадандепа станцияларына да жеткізілуде. Бидайдан бөлек оның өнімі – ұн да тасымалданып, бұл көрсеткіш те артып келеді. Көрші елге қаңтардан бергі он айда 3291 вагон ұн өткіздік, – дейді Болашақ станциясының басшысы Мақсат Нұрбеков.

Станция басшысының мәліметінше, бүгінде Болашақтан орта есеппен тәулігіне 10 тоннадай жүк өтеді. Жалпы, станция биылғы он ай ішінде Түркіменстанға 878 636 тонна жүк жіберген. Кері бағытта 130 184 тонна жүк қабылдаған.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

КӨРСЕТКІШ КӨҢІЛДЕН ШЫҒАДЫ

Шымкент жүк тасымалдау бөлімшесі жыл басынан бері қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тасымалданатын жүктердің сақталуы, қауіпсіздік техникасын және еңбек қорғау шарттары мен тәртібін сақтау бойынша оң нәтижеге қол жеткізді.

Жан ПЕРДЕБЕК,
Шымкент

Мәселен, эксплуатациялық көрсеткіштерге тоқталсақ, жергілікті вагон мен транзиттік вагон, жүк айналымы, пойыздың орташа салмағы жүз пайызды құраған. Ал кейбір көрсеткіштердің жеке жетпей қалуының да өзіндік себеп-салдары жоқ емес. Мамандар оны ең алдымен Өзбекстан темір жолының Сарыағаш түйіспесінен, сонымен қатар Алтынкөл, Достық халықаралық түйіспелерінен пойыздардың уақытылы жөнелтілмеуі салдарынан 3974 пойыздың 24 мыңнан астам сағатқа тұрып қалуынан деп түсіндіреді. «Тастанды» пойыздар-



дың шекара маңына жинақталып қалуында қазақстандық тараптың кінәсі жоқ, бұл мәселе үкіметтік деңгейде шешіліп жатқаны да белгілі.

Бұдан бөлек, бөлімше бойынша жолдарға берілген ескертулер де көбейіп кеткен, яғни орта тәулік-

те жоспар бойынша 27 ескерту болуы керек болса, іс жүзінде 43 ескерту болған.

Пойыздардың қозғалыс кестесінің сақталуына да кемшілік жоқ емес, он айда жолаушылар пойыздарының кідірісі өткен жылмен салыстырғанда артып кеткен. Шымкент жүк тасымалы бөлімшесінің техникалық бөлімі мамандары мұның себебін Арыс-Түркістан және Арыс-Түлкібас телимдерінде жол жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты деп түсіндірді.

Техникалық бөлімнің бастығы Талғат Якупов өткен он айда жүк пойыздарының жүрісі жоспарға сай орындалып, өткен жылмен салыстырғанда көрсеткіштер жақсара түскенін жеткізді. «Пойыздар қозғалысының варианттық кестеге сай жүруі бойынша 70 пайыздық жеке тапсырмасы толығымен орындалды», – деді ол.

Сонымен қатар, өткен жылмен салыстырғанда табыс 3 млрд 50 млн 442 мың теңгеге өскені де жаман көрсеткіш емес.

Суретті түсірген автор

ЖИДЕЛІНІҢ ҚЫСЫ ҚЫТЫМЫР



Асхат РАЙҚҰЛ,
Жамбыл

Қырық шақты түгін бар алақандай елдімекен сырт көзге жұпыны. Оңтүстік өңірге қатынайтын барлық пойызды күтіп алып, шығарып салатын шағын станцияның ғимараты сонау Кеңес заманында тұрғызылған. Сылап-сипауымен әрін тайдырмай тұр демесен, ескірген.

«Мен станция басшылығына келгелі он алты жыл. Одан төрт жыл бұрын, яғни 2001 жылы жылу құбыры ауыстырылыпты. Содан бері бір шегесі жаңартылған жоқ, күзгі, көктемгі тексеру комиссиялары келген сайын ахуалды жасырмай айтып келеміз. Бірақ станция ғимаратын жөндеу жұмыстарына қаржы қаралмай тұр. Міне, тағы қыс келді. Ал бұл аймақтың ауа райы қатал, бұрқасын

Тоғыз жолды тоғыстырған Шу станциясынан Сарышағанға апаратын қос рельсті бойлай жүре берсеңіз, отыз шақырымнан аса бергенде алақандай ғана ауыл көрінеді. Бұл – төртінші класты Жиделі станциясы.



бораны, ызғарлы желі қыс бойы бір тынбайды. Қар қалып түседі», – деді станция басшысы Әнуар Дәулетбақов.

Бір қуанарлығы, станцияның қазандығы электрмен жылытылады. Ауыз суды сусорғыдан пайдаланады. Жиделіліктердің қысқы отыны – көмір. Көмір жеткізуден кедергі жоқ, тұрғындар қыстық отынды уақытылы түсіріп алған.

Станцияда екі кезекші еңбек етеді – Ержан Жангутиев пен Асылзат Махамдиев. Екеуі де берідегі Шу қаласынан қатынап жұмыс істейді. «Жиделінің қысы қытымыр. Осын-

да бірнеше жылдан бері жұмыс істейміз. Қыс жақындағаннан жұмыс орнымыздың есік-терезелерін қымтаған боламыз. Бірақ ағаш материалынан жасалған есік-терезелер ескірген, жылу сақтамайды, суық өткізеді. Осыны жаңалап беріңіздер деп басшылыққа жылда құлаққағыс жасап келеміз», – деген өтініштерін айтады олар да.

Тіршілігі бұйығы ауылдың тынысын ашып тұрған Жиделі станциясының төрт жолын босатпай пойыздар күндіз-түні жөнкіліп жатыр...

Суретті түсірген автор



ВЫГОДНАЯ ДОСТАВКА ГРУЗА



АО «KTZ Express» совместно с АО «QazTrade» впервые организовали отправку в Китай сборного груза по принципу LCL. Новый способ удобен малым и средним производителям, отправляющим небольшие партии.

Айлин БАУРЖАН,
Нур-Султан

30 ноября 2021 года со станции Алматы в китайский город Сиань отправлен первый сборный груз по принципу LCL (less

than container load). Данный сервис позволит грузоотправителю резервировать не весь контейнер, а только его часть. Так, в 40-футовом контейнере собраны грузы трех казахстанских компаний. Груз прибывает в пункт назначения через 10 дней.

– Наш проект предлагает экспортерам Казахстана стабильный и регулярный сервис по доставке товаров в КНР по конкурентоспособным ценам, – сказал руководитель филиала

«KTZ Express – Южный» Ерлан Тулендиев.

Сегодня, в условиях пандемии, на рынке грузоперевозок отмечается увеличение спроса на отправку сборных грузов. И это неудивительно, ведь каждый стремится экономить. Теперь средним импортерам выгоднее отправить груз клиенту сразу, а не ждать накопления объема на полный контейнер.

По словам директора департамента логистики АО «QazTrade» Алибека Жуматаева, перевозка по принципу LCL позволяет грузоотправителю транспортировать столько, сколько нужно экспортеру, не переплачивая.

Также к преимуществам этого вида перевозок можно отнести надежную защиту грузов от воздействия окружающей среды, упрощение погрузочно-разгрузочных работ на пунктах перегрузки (контейнер переставляется с казахстанской на китайскую фитинговую платформу).

Из Сианя уже возможна доставка в любую точку Китая. При этом клиенту будет оказываться весь перечень необходимых услуг, в том числе брокерских.

Фото автора

ПОЕЗДА ПЕРЕШЛИ НА НОВЫЙ ГРАФИК

Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,
Нур-Султан



Для казахстанцев путешествие на поезде – неотъемлемая часть жизни, и качество таких поездок с каждым днем возрастает. АО «Пассажирские перевозки» предоставляет качественные сервисы, которые делают поездки как на дальние, так и на близкие расстояния максимально комфортными.

Компания также обновляет вагоны, вводит новые маршруты, но самое главное – увеличивает скорость отдельных пассажирских составов. Все преобразования направлены на то, чтобы сделать железнодорожные перевозки доступными для населения.

Национальный перевозчик из-за ввода с 12 декабря нормативного графика движения поездов на 2021-2022 годы вносит изменения по движению пассажирских поездов. В частности, в расписании маршрута поезда №86/85 сообщением Нур-Султан-1 – Шымкент оптимизированы стоянки на 27 станциях, что позволит сократить время следования состава на 3 часа (21 час вместо 24). Посадка/высадка пассажиров по оптимизированным станциям предусмотрена в маршруте альтернативного поезда №45/46 Павлодар – Шымкент.

Кроме того, с конца октября пассажиры, отправляющиеся из Мангистау в Алматы-2, могли оценить новое качество сервиса в вагоне. Если наличие климат-контроля и биотуалета стало уже привычным (ими оборудуются все новые поезда), то теперь в каждом вагоне имеются душевые кабины.

– В Алматы не так давно переехал мой сын со снохой и маленьким внуком. До этого приходилось добираться до родных с пересадками, а теперь можно отправляться из Алматы в Мангистау прямым рейсом. Отлично, что АО «НК «КТЖ» заботится о пассажирах, – говорит житель Мангистау Нурлан Алдияров.

Новость об обновлении подвижного состава на маршруте №603/604 Нур-Султан-Нурлы жол – Аркалык вагонами «Тальго» обрадовала и карагандинку Галину Пак. Ведь в Аркалыке почти 8 лет проживают ее старые друзья, которых она регулярно навещает. Уже в скором времени женщина надеется оценить так называемый европейский стандарт в обновленном и уютном вагоне.

Пенсионерке из Восточного Казахстана Иде Харламовой довольно затруднительно попасть в другие области страны. Обычно для этого нужно добираться транзитом через Алматы или Нур-Султан. Поэтому для нее стало приятной неожиданностью то, что появилась возможность поездом отправиться в Мангистау без пересадок, ведь в Актау живут ее друзья.

– Надеюсь, что скоро завершатся санитарно-эпидемиологические ограничения, я смогу поехать по новому маршруту и снова с ними увидеться. Оказывается, поезд сообщением Мангистау – Нур-Султан-Нурлы жол будет ходить до станции Семей. Конечно, он не будет проходить через станцию Оскемен-1, но жителям Усть-Каменогорска остается только доехать до Семей, а это сделать довольно просто. Считаю, очень удобно, что таким образом соединили два огромных, отдаленных друг от друга региона. Второе изменение в маршрутах пассажирских поездов – это то, что поезд 353/354 Нур-Султан-Нурлы жол – Семей будет ходить через день вместо ежедневного курсирования. Вероятно, нет необходимости в том, чтобы он двигался каждый день, поскольку в столицу попасть из Семей можно разными способами, – делится Ида Харламова.

По мнению жительницы города Усть-Каменогорск Жанар Асылхановой, оптимизированный график движения некоторых пассажирских поездов будет более удобен для граждан и гостей Казахстана.

– Теперь из Семей можно попасть поездом в Мангистаускую область, и это весьма комфортно для тех пассажиров, кто не любит пересадок, но хочет добраться из Восточного Казахстана до станции Мангистау по железной дороге. Считаю также удачным продление маршрута поезда 45/46 Павлодар – Нур-Султан до станции Шымкент. Теперь с северо-востока страны на юг можно будет попасть без пересадок, напрямую, – говорит она.

Напомним, изменения коснулись и расписания следования маршрута №77/78 Мангистау – Алматы-2. Так, отправление пассажирского поезда со станции Мангистау будет осуществляться в 09.05 вместо 22.05 по времени столицы. Также продлеваются маршруты следования поездов №37/38 Мангистау – Нур-Султан-Нурлы жол до станции Семей (Мангистау – Семей), №45/46 (вместо №673/674) Павлодар – Нур-Султан-1 до станции Шымкент (Павлодар – Шымкент) и №613/614 Уральск – Актобе до станции Кульсары (Уральск – Кульсары). Кроме того, сокращается маршрут следования пассажирского поезда №85/86 Нур-Султан-1 – Сарыагаш до станции Шымкент (Нур-Султан-1 – Шымкент).

В свою очередь, АО «Пассажирские перевозки» напоминает, что всю справочную информацию по графику движения пассажирских поездов можно получить по номеру 105 и на сайте Bilet.railways.kz.

ЗАЛОГ НАДЕЖНОЙ РАБОТЫ



Уштобинские связисты выполняют свою основную задачу – обеспечение надежной и бесперебойной работы устройств СЦБ, связи, радио и КТСМ, обеспечивая безопасность движения поездов на обслуживаемом участке.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматинская область

Ежегодно проводятся работы по внедрению новых технологий и модернизация действующих устройств. Таким образом, на всех перегонах заменены линзовые комплекты светофоров на светодиодные модули, всего 272 светофора. Также произведена огромная работа по внедрению вместо диспетчерской централизации ПЧДЦ 70-х годов микропроцессорной диспетчерской централизации МП-АСДЦ.

На двух поездных кругах – Алматы – Сарыозек и Сарыозек – Матай в текущем году установлены модульные здания КТСМ-02 на станциях Кок-су, Айнабулак и Егинсу. В данный момент ведутся работы по модернизации станций Кайракты и Караой для вывода из эксплуатации реле НР (1960 года выпуска) с заменой их на



малогабаритные реле типа НМШ. Все вышеперечисленные работы проводятся для повышения безопасности движения на железной дороге.

Стоит напомнить, что Уштобинская дистанция сигнализации и связи за историю своего существования претерпела много преобразований и структурных

изменений. По архивным данным, первая дистанция сигнализации и связи была образована в начале 1931 года под №4 с местом дислокации конторы на станции Айнабулак, входящей во второй эксплуатационный участок Туркестано-Сибирской железной дороги. Немалую роль в становлении и развитии пред-

приятия сыграли руководители дистанции, возглавлявшие ее в разные годы. Эти имена вписаны в славную летопись предприятия: Николай Спирин, Иосиф Дергунов, Андрей Золотухин. Много сил и труда вложили в культуру производства такие замечательные люди, как Николай Пиякин, Виктор Калтаков, Егеубек Молдатаев. На примерах таких личностей воспитывается молодежь дистанции.

– Упор делаем на качество организации технической учебы, которую проводит не только мастер производственного обучения, но и большинство работников дистанции, начиная с начальника дистанции, главного инженера, заместителей, при участии начальников участков, старших электромехаников. Также мы свято чтим добрые традиции предприятия, – говорит начальник Уштобинской дистанции сигнализации и связи Талгат Кабылдаев.

Для более плодотворной работы в дистанции организованы дополнительные технические занятия, на которых прорабатываются технологические приемы по обеспечению нормальной работы устройств в зимних условиях, все тонкости и особенности работы в сложных метеословиях.

Фото автора

Подготовка к зиме

ПРОФЕССИОНАЛЬНО И ОПЕРАТИВНО

Костанайское эксплуатационное вагонное депо завершило подготовку к вступлению в зиму.

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай

По словам директора Костанайского эксплуатационного вагонного депо Нурбола Шинбергенова, в рамках подготовительных мероприятий с новичками проведены инструктажи об особенностях работы в зимних условиях. Кроме того, все железнодорожники обеспечены зимней спецодеждой, бытовым и техническим утлом. К отопительному сезону приступили предприятия и подраз-

деления вагонного депо. К слову, полностью подготовлен и специальный инвентарь для очистки путей от снега.

Между тем, по итогам успешного прохождения осеннего осмотра за качественно и профессионально проделанную работу по подготовке хозяйства ко входу в зимний период 18 работников Костанайского вагонного депо со станций Аркалык, Есиль, Кушмурун, Тобол, Майлина и других получили благодарственные письма от руководства Костанайского отделения ГП и профсоюз-



ного комитета.

– Подобное внимание к их труду – дополнительный стимул для наших работников, – говорит Нурбол Шинбергенов. – Они качественно, добросовестно выполняют свои обязанности, и руководство ценит такое отношение к труду. Что касается наступившей зимы, то мы к ней готовы.

Фото автора

ИЗВЕЩЕНИЕ О ТОРГАХ

Акционерное общество «KTZ Express» (далее – АО «KTZ Express») объявляет о проведении электронных торгов по продаже имущества АО «KTZ Express», которые начнутся 14 декабря 2021 года в 11.00 (время Нур-Султана) на веб-портале Реестра государственного имущества www.gosreestr.kz.

Реализация Имущества осуществляется в соответствии с Правилами реализации имущества АО «KTZ Express», утвержденными решением Совета директоров АО «KTZ Express» (протокол от 10 января 2018 года №1) (далее – Правила) и Регламентом проведения электронных торгов по продаже имущества на веб-портале Реестра государственного имущества, утвержденным решением Совета директоров АО «Информационно-учетный центр» (протокол от 23 мая 2014 года №66) (далее – Регламент).

На аукцион выставляется следующее Имущество:

№	Наименование транспорта	госномер	год	начальная стоимость	стартовая стоимость	минимальная стоимость	гарантийный взнос
1.	Chevrolet Captiva	579DZ01	2014	6 722 645	20 167 936	4 705 852	1 008 397
2.	Вагон-мастерская	010130	1984	241 920	725 760	120 960	36 288
3.	Полуприцеп Сап 99051	23ESA02	2008	2 414 177	7 242 530	1 327 797	362 127
4.	КамАЗ 54115-010-15	187AT04	2014	8 522 455	25 567 366	5 965 719	1 278 368
5.	ППК Зрлт 931-05	45CUA04	2015	3 128 036	9 384 107	2 502 429	469 205
6.	SkodaSuperb B6	171 AT04	2012	4 260 213	12 780 640	2 556 128	639 032

Регистрация участников торгов на веб-портале реестра со дня публикации извещения на веб-портале реестра и заканчивается за два часа до начала торгов.

Для регистрации в качестве участника торгов необходимо на веб-портале реестра зарегистрировать заявку на участие в торгах по форме, согласно

приложению к Регламенту, подписанную ЭЦП участника.

Торги – в форме аукциона методом на понижение цены.

Гарантийные взносы вносятся на счет АО «Информационно-учетный центр»: БИН: 050540004455, БИК: KZKOKZKX, ИИК: KZ529261501102032004, АО

«Народный Банк». Назначение платежа: гарантийный взнос для участия в электронном аукционе (в размер гарантийного взноса оплата банковских услуг не входит).

Банковская гарантия в качестве гарантийного взноса не принимается.

С целью своевременного поступления гарантийных взносов на счет АО «Информационно-учетный центр» рекомендуется оплатить гарантийный взнос не позднее трех дней до окончания приема заявок.

Протокол о результатах торгов формируется веб-порталом реестра, подписывается с использованием ЭЦП продавцом и победителем торгов в день проведения торгов.

В случае неподписания участником, победившим в торгах, протокола о результатах торгов гарантийный взнос не возвращается.

Победителем считается участник, первым подтвердивший свое желание приобрести объект продажи по объявленной цене и подписавший протокол об итогах торгов.

Протокол о результатах торгов является документом, фиксирующим результаты аукциона и обязательства победителя и продавца подписать договор купли-продажи Имущества по цене продажи.

Договор купли-продажи с победителем подписывается в срок не более десяти календарных дней со дня подведения итогов торгов веб-порталом реестра.

Победитель обязан произвести за свой счет все расходы, связанные с куплей-продажей Имущества, включая, но не ограничиваясь, расходы по регистрации Имущества и уплату соответствующих налогов и других платежей в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Победитель, подписывая протокол об итогах торгов, подтверждает, что на момент покупки Объекта он полностью ознакомлен и согласен с техническим состоянием Объекта и его недостатками.

Победитель согласен с тем, что недостатки Объекта возмещению не подлежат и Продавец не несет никакой ответственности за любые недостатки Объекта.

Победитель обязуется не предъявлять требования к Продавцу по вопросу качества, комплектности Объекта.

С положениями о порядке проведения электронного аукциона, порядке оформления участия в торгах, об условиях определения Победителя можно ознакомиться в Правилах и Регламенте, которые находятся в публичном доступе на сайтах АО «KTZ Express» www.ktze.kz и АО «Информационно-учетный центр» www.gosreestr.kz.

Дополнительную информацию можно получить по телефону 8 771 08 38 734 (АО «KTZ Express»), г. Нур-Султан, ул. Дінмұхамед Қонаев, д. 10, и 8 7172 55 29 81 (АО «ИУЦ»), г. Нур-Султан, ул. А. Жубанова, д. 16, 4 этаж.

ЖҮЗ ДОМБЫРА ҮНІ



Бірінші желтоқсан – ҚР Тұңғыш Президенті күніне орай «Нұрлы жол» вокзал кешенінде «Ұлы дала мұрагерлері» атты флешмоб ұйымдастырылды.

Ұлан ОРАЗ,
Нұр-Сұлтан

Назарбаев Интеллектуалды мектебінің жас домбырашылары ұйымдастырған ерекше флешмоб вокзалға жиналған жолаушылардың көңілін көтеріп, мерекелік көңіл-күй сыйлады. «Жігер» домбырашылар ансамблінің 100 өнерпазы профессор Айтжан Тоқтағанның жетекшілігімен Құрманғазының атақты «Балбырауын», «Адай»,

«Сарыарқа» күйлерін орындады. Жыл сайын бұл флешмоб елорданың ірі сауда орталығында өткізілетін. Ал биыл темір жол вокзалында, соның ішінде тоғыз жолдың торабы, әрі сәулетті де зәулім жаңа вокзалда өткізуге ұсыныс болған. Мұны вокзал басшылығы қуана қабылдап, өнерпаздарға қолдау білдірді. – Күн сайын 25 мыңға жуық жолаушы келіп кететін осындай алып кешенде мұндай шара өткізу



тиімділігі зор. Демек, соншама адамға домбырамен өнер көрсету арқылы оларды мерекелік көңіл-күй сыйлаумен қатар, азаматтарымыздың патриоттық сезімін арттырып, ұлттық өнерімізді дәріптейміз. Сондықтан біз вокзал кезекшілерінің жұмысын күшейтіп, қауіпсіздікті қамтамасыз

етуді толық қамтамасыз еттік, жас домбырашыларға қолайлы жағдай жасап, көмектестік, – дейді «ҚТЖ» ҰК» АҚ – «Астана темір жол вокзал кешені» филиалының технологиялық процессті ұйымдастыру бөлімінің бастығы Галия Нұсқеева.

Суретті түсірген автор

ҮЗДІК БАСТАУЫШ ҰЙЫМ



Тұңғыш Президент күніне орай «Nur Otan» партиясы Қызылорда облыстық филиалы өткізген шарада Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің бастауыш партия ұйымы үздік деп танылды.



Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Бастауыш ұйымдар арасында жүргізілген облыстық деңгейдегі додада жүлдегер болған ұйым Нұр-Сұлтан қаласында өтетін шараға жолдама алды және бөлімшенің кәсіподақ ұйымының төрайымы Ажар Ерманова облыс әкімінің алғысына ие болды. Салтанатты жиында Елбасының Сыр өңіріне сапары туралы арнайы әзірленген бейнебаян тамашаланды. Ұлт көшбасшысының қағидаттары бойынша пікірлер мен мерекелік лебіздер тыңдалды. Жиын барысында «Nur Otan» партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы, облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова бірқатар түрлі сала мамандарын партия қатарына қабылдады. Мықты партияның мықты лидері болуға сенім мен жауапкершілік жүктегендер қатарынан Қызылорда жол дистанциясының бастығы Марат Оңалов табылды. – Біздің теміржолшылардың облыстық деңгейдегі марапат алуы бірінші рет емес. Қай істе де белсенді теміржолшылар қандай марапатқа да лайық деп санаймын, – делі «Теміржол» филиалы төрағасының орынбасары Базара Танбаева.

Суретті түсірген автор



В рубрике «Рука помощи» мы призываем оказывать сильную поддержку коллегам-железнодорожникам, их детям и близким родственникам, а также ветеранам магистралей, оказавшимся в трудной жизненной ситуации.

Семья электромеханика КТСМ ШЧ-33 филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Алматынское отделение магистральной сети» Адила Утебекова столкнулась с бедой. Его младшая дочь, трехлетняя Меруерт, борется с тяжелым недугом – малыш поставлен диагноз «спина-бифида», «гидроцефалия мозга».

К настоящему моменту она перенесла три операции и ежемесячно проходит восстановительную реабилитацию. К сожалению, бесплатная реабилитация по квоте предусмотрена только раз в полгода, поэтому семье Утебековых приходится оплачивать дорогостоящие курсы реабилитации в частном медицинском центре. В среднем ежемесячные расходы на реабилитацию Меруерт составляют 170-200 тысяч тенге, не считая трат на дорогу и покупку медикаментов.

В этой трудной для семьи Утебековых ситуации мы призываем вас не оставаться в стороне и оказать сильную помощь коллеге-железнодорожнику.

Реквизиты: Народный банк Казахстана: 4405 6398 6408 9980; Каспи банк: 5169 4971 3301 9780 Утебеков Адил Сейтказұлы; WhatsApp +7 775 252 92 15, +7 707 479 23 47.

ЭФФЕКТИВНАЯ ЗАЩИТА



Высокие показатели по вакцинации – это заслуга всего коллектива АО «НК «ҚТЖ». В компании ни на один день не прекращается масштабная работа по вакцинации сотрудников.

Асель ШАЙХИНОВА,
Нұр-Сұлтан

Против covid-19 привито более 93 тысяч железнодорожников. За последнюю неделю получили вакцину более 60 работников стальной магистрали.

В целом по компании общий процент получивших первый компонент составил 85,2, второй – 83,1. Железнодорожники по всей

стране отнеслись к этому вопросу очень ответственно. Для многих важным аргументом «за» стал личный пример руководства и разъяснительная работа специалистов, медицинских работников, которые подчеркивают, что только вакцинация может помочь остановить пандемию.

Спорт

МАҚАТТА ӨТКЕН МЕРЕКЕ

Мақат орталық стадионында Атырау жүк тасымалы бөлімшесі кәсіподақ ұйымының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына шағын футболдан жарыс өтті.



Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Спорттық сайысқа 6 команда: Мақат станциясынан 2 команда, Мақат локомотив депосы, Мақат қалпына келтіру пойызы, Әскерилендірілген теміржол күзеті және «Қамқор-Сервис» командалары қатысты.

Жеребе бойынша іріктелген кестеге сай командалар тартысты да тартымды, әдемі ойын өрнегін көрсетіп, жанкүйерлерді өден риза етті. Әрине, кубок атауының өзі-ақ ойыншыларды намысқа шақырып тұр. Сондықтан қарсыласына ұпай бермеуге тырысқан ойыншылар қызу додаға түсіп, бір-біріне дес бермей ұзақ тартысты. Командалар соңғы ойынға дейін жеңісті қолдан бермеуге

тырысып, бір ойында жеңісе, екінші ойында қарсыласын ойсырата жеңді.

Дегенмен, сайыс бар жерде жеңіс бар, бірінші орынды мақаттық локомотившілер жеңіп алды. Екінші орынды «Қамқор-Сервис» ЖШС, ал үшінші орынды әскерилендірілген күзет қызметі командасы иеленді. Командаларға сайысқа қатысқаны үшін диплом мен ақшалай сыйлық берілді. Кентте көптен бері мұндай спорттық шара өтпеген еді, сондықтан теміржолшылар үшін бұл нағыз спорт мерекесіне айналды.

Атырау жүк тасымалы кәсіподақ ұйымының спорт жөніндегі нұсқаушысы Ринат Иманғазиевтің айтуынша, командалар жарысқа жақсы дайындықпен келген.

Суретті түсірген автор

Ақтөбе станциясында «Әкем, шешем және мен» атты отбасы мүшелерінен құралған спорттық сайыс өтті. Салауатты өмір салтын насихаттаған шара ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған.



ӘКЕМ, ШЕШЕМ ЖӘНЕ МЕН...

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Ұжымдық бірлік пен отбасылық ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған спорттық додаға жергілікті теміржолшылар арасынан үш отбасы қатысты. Барлық отбасы мүшелері бірдей формада киім киіп, бір командада өнер көрсетті. Жанкүйерлер – әр команданың ұжымы. Жылдамдық пен шапшаңдықты қажет ететін бәсекелі жарыс жолына шыққан командалардың ойыны қызу да тартысты өтті. Әсіресе, ВЧД-4 вагон депосының атынан жарысқа қатысқан Майқараевтар отбасы жеңісті ешкімге бермей, жүлделі бірінші орынды иемденді. Ақтөбе ЖТ бөлімшесі атынан шыққан Қалиевтер жанұясы екінші орынды алса, «Жолаушылар тасымалы» АҚ жергілікті филиалы атынан қатысқан

Атыраубаевтар отбасы үшінші орынды місе тұтты. Барлық командаларға бағалы сыйлықтар берілді.

«Ел тарихындағы айтулы мереке қарсаңында теміржолшыларға рух беру, ауызбіршілігін арттыру, ұжымдық қана емес, отбасылық байланысты нығайта отырып, салауатты өмір салтын арттыру – шараның негізгі мақсаты. Себебі «өмір негізі – денсаулық, ал денсаулық негізі – спорт» деген тәмсіл дәл бүгінгі таңда өзекті болып тұрғанын уақыт өзі дәлелдеп отыр», – дейді Ақтөбе бөлімшесінің спорт нұсқаушысы Нұргүл Батырхан.

Спорт нұсқаушысының айтуынша, Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылатын спорттық шаралар мұнымен шектелмейді. Алда тағы бірнеше сайыс күтіп тұр.

Суретті түсірген автор

ЧЕСТВОВАЛИ ЧЕМПИОНА

В преддверии Дня независимости в шахтерской столице прошел ряд мероприятий по чествованию чемпиона мира по самбо Рахата Жананиета – электромеханика Карагандинской дистанции электроснабжения (ЭЧ-11).



Светлана МОГАЙ,
Караганда

После возвращения из Ташкента, где проходил чемпионат, именитого спортсмена с получением золотой медали поздравил аким Шетского района Мухит Мухтаров и вручил ему благодарственное письмо. Затем победителя с нетерпением ожидали руководство и коллеги в Карагандинском отделении грузового перевозок. В стенах организации председатель Карагандинского филиала профсоюза Яхия Альмуслин вручил Рахату благодарственное письмо и денежную премию, пожелав ему успехов в спорте и дальнейших достижений.

Чемпионат мира по самбо проходил с 12 по 14 ноября в столице Узбекистана Ташкенте. В нем участвовали представители 50 стран, в том числе из Казахстана.

Наставник железнодорожника – старший тренер Карагандинской области по самбо Даурен Адамбаев. По его словам, упорство и труд способствовали победе его ученика в этом непростом виде спорта. Рахат Жананиет тренируется в спорткомплексе «Енбек», где созданы хорошие условия. Перед поездкой на чемпионат он ежедневно занимался после работы, а также осуществлял километровые забеги.

Все это время он чувствовал поддержку родных, друзей и коллег. – Спасибо всем, кто был рядом со мной, – поблагодарил Рахат Жананиет.

Фото автора

ӘУЛЕТТЕР АРАСЫНДАҒЫ САЙЫС

Өткен аптада Арыс қаласындағы Игбай спорт алаңында «Бір атаның балалары» отбасылық командалар арасында футболдан жарыс өтті. Жарысқа 5 команда қатысып, айналым жүйесі бойынша барлық қарсыластар бір-бірімен кездесіп шықты.

Жан ПЕРДЕБЕК,
Арыс

Жарысты ұйымдастырып өткізген – Арыс қаласына белгілі Рысбековтер теміржолшылар әулеті. Тәуелсіздіктің 30 жылдығы құрметіне өтіп отырған отбасылық спорттық жарыс Арыста дәстүрге айналған десек болады.

Ойынның шымылдығын ашып, командаларды таныстырған отбасылық



ойынның негізін қалаған теміржолшылар әулетінің өкілі Панзарбек Жаңабаев көпшілікті «Бір атаның балалары» әулеттер арасындағы сайыстың бес жылдығымен құттықтады. ПЧ-54 Арыс жол дистанциясының

бастығы Махмұд Еркінбекұлы барлық ойыншыларға сәттілік тіледі және жарысқа демеушілік жасап отырған Рысбековтер әулетіне барша командалар атынан алғыс айтты. Ауа райының салқын да ызғарлы

Суретті түсірген автор



Бас редактор
Дина Муздубаева
Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 20 000

Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдел басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, Р. Рахметова

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шымкент: Жаная Сьдықбай 8-707-390-17-18
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Жамбыл: Асқат Райқұлов 8-700-330-01-53
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Надірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Карағанды: Светлана Могой 8-777-893-66-76
Костанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-747-535-21-58
Ақтөбе: Ардақ Ерубеева 8-702-843-27-97
Көкшетау: Надежда Новицкая 8-701-854-38-27

Редакцияның мекен-жайы:
Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.